

**Коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы**



**Алматы энергетика  
және байланыс  
университеті**

Әлеуметтік пәндер кафедрасы

## **САЯСАТТАНУ**

Семинар сабақтарына арналған әдістемелік нұсқаулар  
(барлық мамандықтарға арналған)

Алматы 2016

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Әбдіқалық А.Ә., Бисенова А.З. Саясаттану. Семинар сабақтарына арналған әдістемелік нұсқаулар (барлық мамандықтарға арналған). – Алматы: АЭЖБУ, 2016. – 35 б.

Бұл әдістемелік нұсқаулар, саясаттану пәнінен семинар сабақтарының жоспарлары, баяндама және сөйлеу тақырыптары, әр тақырыпқа арналған әдебиет тізімі және сол семинарға тереңдетілген әдістемелік кеңестер кіргізілген.

Пікір беруші: фил.ғыл.,канд., проф. М.К. Нурмаханова

«Алматы энергетика және байланыс университетінің» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2016 ж. баспа жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университетінің» КЕАҚ, 2016ж.

## Кіріспе

Университетінің оқу жоспары бойынша әр студент саясаттану сабағын оқып білуге тиісті. Осы әдістемеге семинар сабақтарының әрбір тақырыптарына арналған жоспар, баяндама тақырыптары, әдебиет тізімдері және қысқа әдістемелік кеңестер енгізілді.

Бұның бәрі әлемдегі, ТМД, Қазақстан Республикасындағы саясаттану пәнінің теориялық категорияларын, саяси құбылыстар мен саяси процестерді зерттеп-зерделеп түсінуге бейімделген. Бірақ, семинарға арналған сағаттар аз болғандықтан, әдістеме саяси ғылымының тек негізгі және күрделі категориялары мен мәселелерін ғана қамтиды.

«Политология теориясы» атты бірінші блоктың негізгі тапсырмасы студенттерге билік пен саяси режимдер, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет, тұлғаның саяси әлеуметтенуі мен саяси көшбасшылық мәселелері туралы ұғым қалыптастыру болып табылады. «Қазақстанның саяси өмірі атты» тарауға жеке блокқа арналған. Олар жаңашыл саяси жағдайларды зерттеу мен сараптауға бағытталған. Демек, әлемдегі және еліміздегі саяси жағдайлар мен процестерді түсініп білмей жатып, нақты азаматтық көзқарас қалыптасып, саяси белсенді болу мүмкін емес.

Ұсынылып отырған СӨЖ мен оны орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар қайтадан қарастырылып, өңделіп, төртінші рет баспаға беріліп отыр. Тапсырмалар негізделді, сұрақтар тура айқындалды, әдебиеттерді қайтадан жаңаладық. Осының бәрі студенттер үшін берілген тапсырманы орындауда көп септігін тигізеді деп ойлаймыз.

## **Семинар сабақтарының жоспары**

### **Тарау 1. Саясаттану теориясы**

#### **Тақырып 1. Қазақстан Республикасы жаңа саяси даму жолында**

1. «Қазақстан -2030» стратегиясының жариялануы (1997, қазан). Оның қажеттігі, мақсат – міндеттері және ұзақ мерзімге арналған приоритеттері.
2. Президент Н.Назарбаев Қазақстанның тарихи миссиясы туралы.
3. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы

#### **Баяндама тақырыптары**

1. Н.А. Назарбаев Қазақстан ұзақ мерзімге арналған стратегиялық бағдарламаның қажеттігі туралы.
2. Қазақстанның алға басуына дем беретін факторлар.
3. Еліміздің дамуына негативтік әсер ететін факторлар.
4. «Қазақстан - 2030» стратегиясының ұзақ мерзімге арналған приоритеттері.
5. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының басымдықтары

#### **Әдістемелік кеңестер**

Семинарда талқыланатын мәселелерді жақсы түсінудің алғы шарты – Президенттің Қазақстан халқына еліміздің ХХІ ғасырда даму стратегиясы (қазан 1997жыл және қараша 2012жыл.) туралы екі жолдауды салыстырып оқып, терең түсіну қажет.

Бірінші мәселеге дайындалғанда ең алдымен Президент ХХІ ғасырдың алғы отыз жылына арналған еліміздің даму стратегиясын қалай анықтап, дәлелдейдіндігін жақсы түсіну керек. Ең негізгі пікір: еліміз тәуелсіздікке жетті, кең көлемді саяси және экономикалық реформаларды бастады, сондықтан ұзақ уақытқа арналған мақсаттармен ориентирлерді анықтап белгілеу өте қажет, онсыз алға басуға болмайды. Бір ескеретін нәрсе: қандай факторлар алға басуға дем бере алады, я болмаса қандай факторлар сол процесті жеделдетуі мүмкін?

Екінші мәселе Қазақстанның тарихи миссиясына арналған. Бұл жөнінде Президенттің жолдауының тиісті бөлімін оқыңыз. Сонымен бірге ойланыңыз: Президенттің ұсынып отырған «Қазақстан барсы» символын, оның мән – мазмұнын қалай түсінесіз? «Оңтүстік – Шығыс Азиялық жолбарыстары» деген символмен салыстырыңыз Сондай-ақ Президенттің жыл сайынғы жолдауларына шолу жасаңыз.

Үшінші сұраққа дайындалғанда, сіздердің алдыңызда зор еңбекқорлықпен зерттейтін міндет, Қазақстан – 2050 стратегиясында

көрсетілген: мемлекеттің жаңа саяси, экономикалық және әлеуметтік бағыттары мен қағидаларын, ҚР сыртқы саясаты мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайтудағы басымдықтарын, демократияландыру мен либералдандырудың тұрақты процесін және «Мәңгілік ел» - ұлттық идеясын саралап, мәні мен қажеттілігін терең түсіну.

### Әдебиеттер тізімі

1 Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә.Назарбаев // Егемен Қазақстан . 2012. - 27 қаңтар.- 1-3 б.

2 Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә.Назарбаев // Егемен Қазақстан .-2014.- 11 қаңтар.- 1-3 б.

3 Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә.Назарбаев // Егемен Қазақстан . - 2015.- 30 қараша. - 1-3 б.

4 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә.Назарбаев // Егемен Қазақстан . 2012.- 14 желтоқсан.- 1-3 б.

5 Этапный рубеж в развитии национальной государственности. Н.Назарбаев. – Мысль, 2010.

6 Котов А. Стратегия - 2030: власть, общество, конституция // Мысль. - 1998. - № 6. Астанинская декларация Саммита ОБСЕ. – Мысль, 2010.

7 Выступление Президента РК Н.Назарбаева на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости. – Мысль, 2010.

8 Индустриально – технологическое развитие Казахстана ради нашего будущего. Выступление Президента РК. Председатель НДП «Нур Отан» Н. Назарбаева на внеочередном XII съезде партии. – Мысль, 2009.

9 Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана. – Мысль, 2007. №4.

10 Алесин В. Стратегия ответа Казахстана на вызовы глобализации в свете Послания Президента. – Саясат – Полис, 2005. №12.

11 Девиз казахстанского председательства в ОБСЕ: доверие, традиции, транспарентность, толерантность. – Мысль, 2010.

12 Назарбаев Н.А. «Казахстан – 2030». Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздік және әл – ауқатын артуы. Президенттің халыққа жолдауы // Ақиқат. – 1997. - №12.

13 Перспективы посткризисного развития. Выступление Президента РК. – Мысль, 2009.

14 Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики. Послание Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана. – Мысль, 2008.

15 Габдыжамалов Н. Обеспечение информационной безопасности как один из приоритетов внутренней и внешней политики РК. – Саясат – Полис, 2005. №12.

16 Шерьяданова Г. Идея евразийства: классическая теория и современность. – Саясат – Полис, 2007. №3.

17 Через кризис к обновлению и развитию. Послание Президента РК Н. Назарбаева народу Казахстана. – Мысль, 2009.

18 Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана. – Мысль, 2010.

19 Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года. – Мысль, 2010.

20 Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы/ Н.Ә.Назарбаев// Егемен Қазақстан . 2014.-11 қараша.- 1-3 б.

## **Тақырып 2. Саяси билік және оны жүзеге асырудың механизмдері**

- 1 Билік: мәні, құрылымы және басқару формалары.
- 2 Саяси биліктің ерекшеліктері.
- 3 Билік теориялары.

### **Баяндама тақырыптары**

1. М. Вебер билік және оның легитимді түрлері туралы.
2. Билік және менеджмент.
3. Билікті бөлу принципі.
4. Биліктің құрылымды-функциональды теориясы.

### **Әдістемелік кеңестер**

Бірінші мәселеге дайындалғанда ескеріңіз: билік-саясаттану ғылымының негізгі категориясы; әртүрлі сөздіктерді (энциклопедикалық, философиялық, әлеуметтік және саясаттану ғылымына арналған) пайдаланып, билік туралы анықтамаларды жазып алып, оларды бір-бірімен салыстырып, зерделеп мәселені терең түсінуге тырысыңыз. Ойланыңыз: неге сол анықтамалардың ішінде белгілі неміс зерттеушісі Макс Вебердің анықтамасы ең әмбебап анықтама болып саналады? Биліктің белгілерін сараптаңыз.

Екінші сұраққа дайындалғанда билік туралы, биліктің ерекше түрі саяси биліктің мәні, оның белгілері және қасиеттері туралы оқып білуге тырысыңыз. Мемлекеттік билік туралы және билікті бөлу принципін, оның мән-мазмұнын түсінуге арналған саясаттану ғылымында қандай тұжырымдар бар, соған көңіл бөліңіз. Ағылшын ойшылы Дж.Локк пен француз ғалымы Ш.Л. Монтескьенің пікірлерін қараңыз.

Үшінші мәселені қарастырғанда, әсіресе инструменталистік, бихевиористік, жүйелік және құрылым-функционалдық теориялармен танысып, Ибн-Халдун, Б.Рассел және Т.Парсонстың тұжырымдарын қараңыз.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері: оқу құралы .- Алматы, 2013.
- 2 2. Раздықов С. Основы политологии. Учебник.- Алматы, 2012.
- 3 Байдельдинов Л.А. Основы политологии: Учебник.-Алматы, 2005.
- 4 Иманбаев М., Смағұлов Е. Саясаттану негіздері.- Алматы, 2014.
- 5 Смағұлов Е.М. Основы политологии.- Алматы, 2014.
- 6 Байділдинов Л.Ә. Теориялық саясаттану: Оқулық. –Алматы, 2005.
- 7 Саясаттану негіздері: оқу құралы / Л.Г. Матвееенкова, С.С. Касымова, Е.Н. Евлева и др.Қарағанды мемл.техн.ун-ті.-Қарағанды: 2013.-105бет.
- 8 Саяси билік: оқу құралы/ С.Ш. Мұсатаев /әл-Фараби атын.Қазақ ұлттық ун-ті.-Алматы:Қазақ университеті, 2014.-137 бет.
- 9 Нұрғалым К.С. Қазақстандағы саяси билік: модернизациялану процесіне салыстырмалы талдау:оқу құралы/ К.С. Нұрғалым / Қ.И.Сатпаев атын. ҚазҰПУ.- Алматы- 2013.-194 бет.
- 10 Смирнова Н.Ю., Н.Н. Моисеев: о политической науке и будущем человечества. – Полис. – 2008. - №4.
- 11 Капустин Б.Г. Тезисы о политической философии. – Полис. – 2010. - №2.
- 12 Загладин Н.В. Кризис цивилизации или гуманитарного знания? – Полис. – 2010. - №2.
- 13 Сморгунов Л.В. Событийное политическое знание и его значение для современной сравнительной политологии. – Полис. – 2011. - №1.
- 14 Халипов И.Ф. Власть: Основы кратологии. - М., 1995.
- 15 Ледаев В.Г. Власть: концептуальный анализ //Полис. - 2000. - № 1.
- 16 Ледаев В.Г. Формы власти: типологический анализ //Полис. - 2000. - № 2.
- 17 Согрин В.В. Ветви государственной власти в США: эволюция, взаимодействие, соперничество //Общественные науки и современность. - 2002. - № 1.
- 18 Нукенов А. Биліктің бөліну теориясы: Қазақстандық тәжірибе мәселелері //Саясат. - 2001. - № 6.
- 19 Сырымбетқұлы Б. Саяси құқықтық ілімдер тарихы (Ежелгі заман, орта ғасырлар және жаңа заман): Оқу құралы.-Алматы: ЛЕМ,2015.- 452бет
- 20Саяси билік: ұғымы және анықтамасы/ / Р.Б. Әбсаттаров // Саяси ғылым: ерекшеліктері мен проблемалары: халықаралық ғыл.конф. материалдары (11-12 желтоқсан 2015ж.).-114-118 б.- Алматы, 2015.

### **Тақырып 3. Қоғамның саяси жүйесі және саяси режимдер**

1. Саяси жүйе түсінігі, құрылымы мен элементтері
2. Саяси режим және саяси режимнің түрлері.

#### **Баяндама тақырыптары**

1. XX ғасырдағы тоталитарлық режимдер.
2. Авторитарлық режимдер, олардың түрлері.
3. Тоталитаризм мен авторитаризмнің оң және теріс жақтары.
4. Демократиялық режимдер: парламенттік, президенттік, аралас түрлері (өзіңіз қалауыңыз бойынша).
5. Демократияның кемшіліктері.

#### **Әдістемелік кеңестер**

Бірінші мәселені қарастырғанда, саяси жүйе және оның саяси билікті іске асырудағы ролі қандай? Саяси жүйе туралы саясаттану ғылымында қандай теориялар бар? Әсіресе: Т.Парсонстың, Д.Истонның және Г.Алмондтың теорияларына көңіл бөліңіз. Саяси жүйенің жүйешелері: институционалдық, функционалдық, коммуникативтік, және т.б. қараңыз. (№2 СӨЖ, 2 тапсырманы қараңыз)

Екінші сұраққа дайындалғанда ескеріңіз: саяси режим дәрежесінің саяси билігі, саяси жүйе ұғымдарымен қандай байланысы және олардан қандай айырмашылығы бар? Әртүрлі сөздіктерден саяси режим туралы анықтамаларды жазып алып салыстырыңыз. Саяси режим биліктің іс-жүзіндегі қолданатын әдет-тәсілі деген қағидаға көңіл бөліңіз. Саяси режимнің негізгі компоненттері - легитимдік принципі, саяси институттардың құрылымдары, партия жүйесі, мемлекеттің ролі және басқару формалары - солардың атқаратын ролін жақсы түсініңіз (№3 СӨЖ тапсырмаларын талдаңыз). Саяси режимнің негізгі түрлері - тоталитаризм, авторитаризм және демократиялық режимдер туралы мына кестені толтырыңыз:

Бұл мәселені семинарда іс ойыны ретінде талқылауға болады. Ол үшін студенттер топ-топқа бөлініп дебат (талқылау) жүргізеді Мысалы: мынадай тезистер дұрыс па әлде бұрыс па?

1. Тоталитаризм - азамат тарихында болған бір кездейсоқ құбылыс.
2. Авторитаризм тоталитаризмнен демократияға көшу жолында шарасыз саты.
3. Демократия мен модернизация - бірімен бірі сыйыспайтын ұғымдар.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері: оқу құралы. - Алматы, 2013.
2. Раздықов С. Основы политологии. Учебник.- Алматы, 2012.



- 3 Байдельдинов Л.А. Основы политологии: Учебник.-Алматы, 2002.
- 4 Иманбаев М., Смағұлов Е. Саясаттану негіздері.- Алматы, 2014.
- 5 Смағұлов Е.М. Основы политологии.- Алматы, 2014.
- 6 Байділдинов Л.Ә. Теориялық саясаттану: оқулық. –Алматы, 2005.
- 7 Саясаттану негіздері: оқу құралы / Л.Г. Матвеевкова, С.С. Касымова, Е.Н. Евлева и др.Қарағанды мемл.техн.ун-ті.-Қарағанды: 2013.-105 бет.
- 8 Политология: учебник/ под ред. В.И. Буренко; кол.авт.: В.И. Буренко, В.В. Меркулов и др.-М.: КНОРУС, 2012.- 392 с.
- 9 Сырымбетқұлы Б. Саяси құқықтық ілімдер тарихы (Ежелгі заман, орта ғасырлар және жаңа заман): Оқу құралы.-Алматы: ЛЕМ,2015.- 452 бет.
- 10 Роль общественных организаций в трансформационных процессах политической системы Китая/ Л.М. Ким, В.Ю.Казаков // Павлодар МУ-нің хабаршысы. Гуманитарлық серия = Вестник Павлодарского ГУ. Серия Гуманитарных наук.- 2015.-№1/2.- С.9-18. Библиогр.:19 назв.
- 11 Политическая система: современные тенденции / З. Даулетова// Казахстанская правда.- 2011, 3 марта.- С.1-3.
- 12 Коломийцев В.Ф. Демократический режим //Социально-гуманитарные знания. - 2002. - № 5.
- 13 Гаджиев К.С. Феномен тоталитаризма XX века // Вопросы философии. - 1992. - № 2.
- 14 Ахметов К. Казахстанская демократия в оценке политологов //Мысль. - 2002. - № 9.
- 15 Особенности формирования политической системы В Республике Казахстан (конец XX-начало XXIвв.) / Ю.А. Кудряшова // Каспийский регион: политика, экономика, культура.-2014.- №4.- С.118-12. Библиогр.:20 назв.

#### **Тақырып 4. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет**

1. Азаматтық қоғам: мәні, негіздері, құрылымы және өрістері (сфералары).
2. Құқықтық мемлекет және оның белгілері.
3. Қазақстан жағдайында азаматтық қоғам және құқықтық мемлекеттің қалыптасу мәселелері.

#### **Баяндама тақырыптары**

1. Саяси ой тарихы азаматтық қоғам туралы.
2. Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасу ерекшеліктері.
3. Адам құқығы: ұғым тарихы, бірінші құжаттар.
4. Әлеуметтік мемлекет, оның белгілері.

## Әдістемелік кеңестер

Бірінші сұраққа дайындалғанда студенттердің алдында екі мақсат болу керек: а) азаматтық қоғамның мән-мазмұнын түсіну; б) азаматтық қоғамның идеясы саяси ой тарихында қалай қалыптасты?

Азаматтық қоғам - ерікті жеке адамдардың мемлекеттен тәуелсіз суретін өмір өрістері және олардың өз еркімен құрған бірлестіктерімен қарым-қатынастары.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы үшін міндетті түрде тиісті жағдайлар (факторлар)- тұлға еркіндігі, жеке мүлік, адамдардың, бұқара халықтың әр түрлі топтарының мүдделерін анықтайтын әлеуметтік құрылым (структура) болуы керек, соларды зерделеп жақсы түсіну керек. Ал азаматтық қоғам идеясы тарихта қалай қалыптасты десек - Т. Гоббс, Дж. Локк, И. Кант, К. Маркс, М. Вебер тағы басқа ғұламалардың жазғанымен танысу керек.

Екінші мәселені зерттегенде, құқықтық мемлекетпен және жабайы мемлекеттің айырмашылығын түсіну қажет. Құқықтық мемлекеттің идеясы ежелгі дәуірде антика заманында дүниеге келгенімен, теория ретінде бұл идея Батыс Еуропада 17-18 ғасырдағы буржуазиялық революциялардың уақытында толық қалыптасты. Ж. Руссоның "Халық суверенитеті", И.Канттың "Мемлекет - құқықтық заңға бағынған адамдардың бірлестігі"- деген пікірлерін зерделеу қажет.

Сондықтан құқық және заң деген ұғымдарды жақсы түсіну керек. Әр түрлі сөздіктерден осы екі ұғым туралы оқып-біліп, олардың құқықтық мемлекеттің теориясында алатын орнын терең түсініңіз. Соның нәтижесінде құқықтық мемлекеттің түпкі белгілерін анықтауға болады. Ең соңында құқықтық мемлекеттің азаматтық қоғаммен байланысын айқындаңыз.

Үшінші мәселе азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет демократия жолына көшкен Қазақстан Республикасында қалай қалыптасып келеді - соны түсінуді қажет етеді. Қазақстандағы құқықтық мемлекет орнатудағы Конституциялық Сот пен Конституциялық Кеңестің рөліне мән беріңіз. Адам құқықтары туралы жұмыс істейтін Комитеттің қызметі туралы баяндама әзірлеңіз. Ол үшін әдебиет тізімінде көрсетілген шығармаларды оқыңыз.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Иманбаев М., Смағұлов Е. Саясаттану негіздері. - Алматы, 2014.
- 2 Мұхамедов М. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы: Оқулық.- Алматы: Заң әдебиеті, 2007.- 340 бет.
- 3 Раздықов С. Основы политологии. Учебник.- Алматы, 2012.
- 4 Смагулов Е.М. Основы политологии.- Алматы, 2014.
- 5 Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері: Оқу құралы .- Алматы, 2013.
- 6 Байдельдинов Л.А. Основы политологии: Учебник.-Алматы, 2002.
- 7 Байділдинов Л.Ә. Теориялық саясаттану: Оқулық. –Алматы, 2005.

8 Саясаттану негіздері: оқу құралы / Л.Г. Матвеевкова, С.С. Касымова, Е.Н. Евлева и др.Қарағанды мемл.техн.ун-ті.-Қарағанды: 2013.- 105 бет.

9 Политология: учебник /под ред. В.И. Буренко; кол.авт.: В.И. Буренко, В.В. Меркулов и др.-М.: КНОРУС, 2012.- 392 с.

10 Взаимодействие государства и гражданского общества в экономической сфере: сборник статей/ Каз.ун-т междунар.отн. и мировых языков им. Абылай хана; сост. К.Ш.Байсултанова.-Алматы: 2014-153 с.

11 Демократиялық модернизация – жаңа тарихи үдеріс / Х.С. Абильдина, Т.М. Садыкова, З.Б.Хамзина и др. // Еуразиялық гуманитарлық институтының хабаршысы.- 2015.- №3.- 56-60 б.

12 Шаймарданова Н.Ж. Политическая модернизация Японии и Республики Казахстан: Учебное пособие.- Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 152с.

13 Гаджиев К.С. Концепция гражданского общества: идейные истоки и основные вехи формирования //Вопросы философии. - 1991. - № 7.

14 Арато А. Концепция гражданского общества: восхождение, упадок и воссоздание и направление для дальнейших исследований //Полис. - 1995. - № 3.

15 Левин И.Б. Гражданское общество на Западе и в России //Полис. - 1996. - № 5.

16 Машан М.С. Политическая модернизация на постсоветском пространстве: предварительные итоги //Саясат. - 2000. - № 2-3.

17 Кадырбекулы Д. Сравнительный анализ развития гражданского общества в Казахстане и западных странах //Мысль. - 2000. - № 4.

18 Сырымбетқұлы Б. Саяси құқықтық ілімдер тарихы (Ежелгі заман, орта ғасырлар және жаңа заман): Оқу құралы.-Алматы: ЛЕМ, 2015.- 452 бет.

19 Биекенов К.У. Глобализация политической культуры гражданского общества. -Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 444 с.

## **Тарау 2**

### **Тақырып 5. ҚР – ның саяси жүйесі: қалыптасуы, негізгі сипаттары, дамуы**

1. Жоғарғы Советтің 1990 жылы 25 қазанда қабылдаған декларациясы және 1991 жылғы Конституциялық заңның тарихи маңызы мен еліміздің толық тәуелсіздікке ие болуы.

2. Қазақстан – президенттік республика. Білік жүйесінің ерекшеліктері.

3. ҚР – ның Конституциясы адам құқығы және бостандықтарының приоритеті туралы, конституциялық кепілдіктер. Қазақстан азаматтарының негізгі құқықтары және міндеттері.

4. ҚР – ның ұлттық саясаты және халықтар құқығын сақтау

## **Баяндама тақырыптары**

1. Қазақстанның тәуелсіздікке ие болуының алғы шарттары.
2. Қазақстандағы парламентаризм.
3. Қазақстандағы орындаушы өкімет: құрылымы мен ерекшеліктері.
4. 10 Конституция адам және азамат құқықтарымен бостандықтары туралы.
5. Құқықтық нигилизм, оның себептері және түрлері.
6. Қазақстандағы құқық қорғау ұйымдары.
7. Қазақстандағы қазіргі этно – демографиялық жағдай, оның себептері.
8. Президент Н.Назарбаевтың ұлтаралық келісім саясаты туралы.
9. Қазақстандық патриотизм – мемлекеттік принцип.

## **Әдістемелік кеңестер**

Бірінші мәселеге дайындалғанда Қазақ КСР – нің мемлекеттік суверенитеті туралы Декларациясы мен қатар еліміздің 1978 жылғы Конституциясын да қарап шығыңыз. Ойланыңыз: неге Декларацияны қабылдау керек еді, егер Қазақстанның Советтер дәуіріндегі Конституциясында суверенитет туралы айтылған болса? Есіңізге түсіріңіз: 1990 жылғы бұрынғы КСРО – да «суверенитеттер парады» деген ұғым неге байланысты қолданған, оның себептері қандай? Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық заңының (16.12.1991) мәтінін жақсы оқып түсініп алыңыз. 1990 жылғы Декларациямен салыстырыңыз. Екі құжаттың айырмашылықтары қандай? Неге еліміздің толық тәуелсіздікке жетуі сол Конституциялық заңға байланысты? Заңға сәйкес мемлекетімізде қандай жаңа функциялар пайда болды? Неге осы заң Конституцияға теңелген деп айтамыз?

Екінші сұрақты қарастырғанда, еліміздегі билік жүйесінің ерекшеліктеріне терең мән беріп, президенттік республиканың артықшылықтарын айқындаңыз. Қазақстандағы биліктің бөлінуі: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі және олардың билік жүргізу функциялары.

Үшінші сұраққа дайындалғанда еліміздің екі Конституциясын (1993,1995 ж.ж) және совет дәуірінде қабылданған 1978 жылғы Конституциямен салыстырыңыз. Сонда осы құжаттарда азаматтар құқықтары мен бостандықтарына арналған мемлекеттік саясат қалай өзгеріп дамып келгенін білесіз. Ескертетін бір жағдай: біздің қазіргі Конституциямыздың (1995 ж.) адам құқықтары жөнінде қабылданған негізгі халықаралық құжаттарға сәйкестігі. Ол үшін «Права человека. Сборник универсальных и региональных международных документов» (М. 1990) деген кітапты оқыңыз. Сонымен қатар, үш Конституцияны (1978,1993,1995 ж.ж) салыстырыңыз. Еліміздегі құқықтық сана, оның қазіргі деңгейі жөнінде

біліміңізді жетілдіріңіз. Семинар сабақтарында осы мәселе төңірегінде «Дөңгелек үстел» немесе «Сен өз құқықтарыңды білесің бе?» немесе «Сен өзіңді қорғай аласың ба?» деген ойынды мұғалімнің келісімімен өткізсеңіз болады. Қазақстанның БҰҰ-дағы қызметін терең қарастырыңыз. ҚР-ның ОБСЕ-ге басшылығы қандай деңгейде болды. Соған сипаттама жасаңыз.

Төртінші мәселеге дайындалғанда Қазақстан көпұлтты мемлекет екенін, сондықтан ұлтаралық келісімнің өте зор маңызы бар екенін ескерту қажет. Бұл мәселе елімізде қалай шешіліп жатыр, мемлекетіміздің ұлт саясатының негізгі принциптері қандай? Елімізде көпұлттық, көпэтностық жағдай қалай қалыптасты? Қазақстанда ұлттар және халықтар теңдігін сақтау, олардың мәдениеттерін дамыту үшін, қандай саясат қолданып жатыр. Бұл туралы Тіл жөніндегі заңды зерделеніз. Қазақстан халықтары Ассамблеясы, оның статусы және рөлі туралы оқыңыз.

### Әдебиеттер тізімі

1 Особенности формирования политической системы в Республике Казахстан (конец XX-начало XXIвв.) / Ю.А. Кудряшова // Каспийский регион: политика, экономика, культура. 2014.- №4.- С.118-126. Библиогр.:20 назв.

2 Нұрғалым К.С. Қазақстандағы саяси билік: модернизациялану процесіне салыстырмалы талдау:оқу құралы/ К.С. Нұрғалым / Қ.И.Сатпаев атын. ҚазҰПУ.- Алматы, 2013.-194 бет.

3 Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н. Саясаттану. – Астана, 2006.

4 Қазақ ССР- ның Мемлекеттік суверенитеті туралы Декларация. 25.10.1990 // Егемен Қазақстан. 1990. - 28 қазан.

5 ҚР Қазақстанның Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңы. 16.12.1991 // Егемен Қазақстан. - 1996. – 18 желтоқсан.

6 Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану және оның проблемалары: Оқу құралы.- Алматы, 2007.- 464 бет.

7 Демократиялық модернизация – жаңа тарихи үдеріс / Х.С. Абильдина, Т.М. Садыкова, З.Б.Хамзина и др. // Еуразиялық гуманитарлық институтының хабаршысы.- 2015.- №3.-56-60 б.

8 Қазақстандағы саяси модернизацияға саяси күштердің институциялануының әсері / Ш.А. Әмірбеков // Институт президентства в контексте модернизации по политической системы Республики Казахстан.- 89-96 б.- Алматы, 2011.

9 Назарбаев Н.А. Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы және қауіпсіздігі // Егемен Қазақстан. 1999. – 15 желтоқсан.

10 Тасмагамбетов И. Основные тенденции политической трансформации казахстанского общества // Саясат. - 1997. - № 6.

11 Ахментаева А. Социально – экономический фактор этнополитических конфликтов. – Мысль, 2008.

12 Балтабаева А. Национальная политика и межнациональные отношения в Казахстане в советский период. – Саясат – Полис, 2009. №12.

13 Балаева А. Межэтнические и межрелигиозные отношения в Казахстане: социологический подход. – Мысль, 2010.

14 Бектурганова Р. Национальная идея – основа казахстанского патриотизма. – Мысль, 2010.

15 Великая сила единства народа. Выступление Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева. – Мысль, 2010.

16 Искакова Г. Права и свободы человека в Казахстане: государственная политика и общество. – Саясат – Полис, 2006г. №12.

17 Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана. – Мысль, 2010.

18 Отчеты перед обществом. Выступление Президента РК Н.Назарбаева на XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана. Обращение участников XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана к гражданам страны. Выступление Президента РК Н.А. Назарбаева на Саммите ОБСЕ. – Мысль, 2010.

19 Шаймарданова Н.Ж. Политическая модернизация Японии и Республики Казахстан: учебное пособие.- Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 152 с.

20 Назарбаев Н.А. Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее. Послание Президента Республики Казахстан народу // Казахстанская правда. 2014.-17 января.- С.1-3.

## **Тақырып 6. Қазақстан Республикасындағы көппартиялық мәселелер мен даму үрдістері**

1. Қазақстандағы көппартиялық: дүниеге келуі және даму ерекшеліктері.
2. Саяси партиялар және оның түрлері
3. Қоғамдық саяси қозғалыстар мен ұйымдар

### **Баяндама тақырыптары**

1. Қазақстандағы саяси плюрализмнің дамуы.
2. Қазақстанда көппартиялықтың дүниеге келуі және даму сатылары.
3. Бір партияның бағдарламасы мен іс - әрекеті туралы (таңдау бойынша).
4. ҚР – сының саяси партиялар туралы заңы, оның ерекшеліктері (2002).
5. Қазақстан Республикасының саяси жүйесіндегі қоғамдық-саяси қозғалыстардың қоғамының орны мен рөлі

## Әдістемелік кеңестер

Бірінші сұраққа дайындалғанда ескеріңіз: бұрынғы КСРО – дағы тоталитарлық заманда көппартиялық болуы мүмкін емес еді, себебі ол уақытта саяси плюрализм болған жоқ, бір ғана СОКП – ның монополиясы орын алған. Көппартиялықтың дүниеге келуіне мүмкіндіктер пайда болуы «Горбачевтың қайта құруынан» басталған сол кездегі демократияландыру саясатына (жариялық, плюрализм, жаңа сайлау жүйесі, КСРО Конституциясының бір партияның (СОКП) монополиясы туралы 6 – шы бабы жойылуы) байланысты. Студенттің міндеті – сол процестің Қазақстан жағдайында орын алып, қалай дамығанын, оның кезеңдерін (этапы) зерделеп түсіну (клубтар және басқа формалды емес құрылымдар, жалпы ұлттық әлеуметтік қозғалыстар, 1990 жылы бірінші саяси партиялардың пайда болуы). Көппартиялық Қазақстан тәуелсіздікке жеткен кезде қалай дамыды? 1998 жылғы күзден басталатын кезеңге (мәжіліске партиялар тізімі бойынша сайлануға рұқсат берілгеннен бастап) көңіл бөліңіз.

Екінші сұраққа жауап беру үшін саяси партиялардың бағдарламаларын оқып, олардың стратегиялық және тактикалық мақсаттарын, сонымен бірге әртүрлі партияларға арналған әдебиетті зерделеу қажет. Ойланыңыз: біздің партияларда әртүрлі тұрғыдан - идеология тұрғысынан, саяси процесте алатын орны тұрғысынан (үкіметті қолданатын я болмаса оппозициялық) қарап, қандай типтерге бөлуге болар еді? Бұл жөнінде сізге саяси партиялардың бағдарламаларын, көптеген авторлардың әртүрлі партиялар жөнінде жазған мақалалары жәрдем береді.

Үшінші мәселеде, қозғалыстар мен ұйымдардың партиядан ерекшеленетін айырмашылық белгілерін анықтап, олардың қоғам өміріндегі алатын орны мен рөлінің маңыздылығына мән беру қажет. А.Бентли мен Д.Трумэннің мүдделі топтар туралы тұжырымдамаларын қараңыз. Сонымен қатар, «қысым жасаушы» лоббистік топтарды талдаңыз. АҚШ, Канада, Франция және Үндістандағы лоббистік топтардың қызметіне шолу жасаңыз. Сондай-ақ, Қазақстандағы қоғамдық саяси қозғалыстар мен ұйымдарға тоқталып, қызметтеріне баға беріңіз.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері: Оқу құралы.- Алматы, 2013.
- 2 Раздықов С. Основы политологии. Учебник.- Алматы, 2012.
- 3 Байдельдинов Л.А. Основы политологии: Учебник.- Алматы, 2002.
- 4 Иманбаев М., Смағұлов Е. Саясаттану негіздері.- Алматы, 2014.
- 5 Смағұлов Е.М. Основы политологии.- Алматы, 2014.
- 6 Байділдинов Л.Ә. Теориялық саясаттану: Оқулық. –Алматы, 2005.
